

Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 маусымдағы N 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 13 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1883. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 95 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 05.02.2018 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармаларының көліктегі Ішкі істер бас басқармасының уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын қамтамасыз ететін қызметкерлерден сынақтар қабылдау арқылы жеке құрамның осы бұйрықпен бекітілген Ережелерді оқып-үйренуін ұйымдастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А.Власовқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшаулау департаментіне (М.М.Баймұхамбетов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Келісілді:

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуроры

2-дәрежелі мемлекеттік

әділет кеңесшісі

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

25.04.2002 ж.

06.05.2002 ж.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы N 385
бұйрығымен бекітілген

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ УАҚЫТША ҰСТАУ ИЗОЛЯТОРЛАРЫНЫҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі - Ережелер) қылмыс жасауда сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау тәртібін қамтамасыз ету мақсатында "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабына сәйкес ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторлары қызметінің тәртібін реттейді.

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары, олардың құқығын қорғау, олардың өз міндеттерін орындауы, оларды оқшаулау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қарастырылған міндеттердің орындалуы режим сақтауды құрайды.

Ережелер уақытша ұстау изоляторларының қызметкерлеріне, онда ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларға, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторына келетін адамдар үшін міндетті.

2. Уақытша ұстау изоляторына өткізілетіндер:

1) қамауда ұстау орындарында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырушы прокурорлар жеке куәлігін көрсеткен соң тәуліктің кез келген уағында бөгетсіз кіре алады;

2) ішкі істер органында сезіктілер мен айыптаушыларды күзету жөніндегі қызметінің ұйымдастырылуын және өткерілуін тексеруді немесе бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды, қамауда ұстау орындарының полиция қызметкерлері - жеке куәліктерін көрсеткенде;

3) басқа қызметтердің қызметкерлері - жоғарыдағы ішкі істер органы бастығы берген арнайы ұйғарымды көрсеткенде;

4) прокурорлар, ішкі істер органының тергеушілері және анықтауды жүргізуші адамдар - жеке куәліктерін көрсеткенде, уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне және тергеу іс-әрекеттері өндірісін жүргізу үшін ғана;

5) криминалдық полицияның қызметкерлері - жеке куәліктерін және қылмыстық іс өндірісін жүргізуші адамның жазбаша рұқсатын көрсеткенде - уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне;

6) қылмыстық процестің қатысушылары немесе оларға қатысатын полиция қызметкерлері, тергеушінің немесе анықтауды жүргізетін адамның ертуімен, жеке куәлігін көрсеткенде - уақытша ұстау изоляторларының тергеу кабинеттеріне;

7) қорғаушылар - заң кеңесінің ордерін көрсеткенде - уақытша ұстау изоляторларының тергеу кабинеттеріне;

8) белгіленген тәртіпте сезіктілермен және айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған адамдар - тиісті рұқсатты және төлқұжатын (оны алмастыратын құжатты) көрсеткенде - кездесулерге арналған бөлмелерге ғана;

9) медициналық көмекке зәру адамға көмек көрсетуге келген медициналық қызметкерлер - нарядты көрсеткенде және уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің (кезекші көмекшісінің) немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының ертуімен - ауру адамға;

10) қамауда ұстау орындарын санитарлық қадағалауды жүзеге асыратын немесе уақытша ұстау изоляторында індетке қарсы жұмыстар жүргізу үшін келген денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері - арнайы ұйғарымды көрсеткенде - уақытша ұстау изоляторының барлық үй-жайларына уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының ертуімен.

3. Уақытша ұстау изоляторына қарумен келген прокурорлар, ішкі істер тергеушілері және анықтауды жүргізетін адамдар қаруларын ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсыруға міндетті. Бұл тәртіп уақытша ұстау изоляторының режимдік үй-жайларына кіруге рұқсат алған ішкі істер органының басқа да лауазымды адамдарының бәріне қатысты.

Уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің бөлмесінде уақытша ұстау изоляторы осы Нұсқаулықтың 105-бабында санамаланған адамдарды өткізуге негіз болатын құжаттардың үлгілері болуға тиіс.

4. Ережелерді бұзған адамдар заңнамада белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және камераларға орналастыру

5. Уақытша ұстау изоляторына жеткізілетін адамдарда қабылдаудың негіздерін тексеретін уақытша ұстау изоляторының кезекшісі тәулік бойы қабылдау жүргізеді, жеткізілгендерден жауап алады, олардың жауаптарын ұстау хаттамасындағы (1-қосымша) (қаулыдағы, сот үкіміндегі) және басқа да құжаттардағы деректермен салыстырады, уақытша ұстау изоляторында ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды есепке алуға арналған журналға тіркейді (2-қосымша).

6. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторында қабылдау және ұстау үшін:

1) анықтаушы немесе тергеуші толтырған ұстау хаттамасы (1-қосымша); оған : жеке адамды тінту (2-қосымша), Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 134, 135, 138-баптарының тәртібіне сәйкес толтырылған прокурорға және сезіктінің туыстарына жіберілетін хабарлама (анықтаушы толтырған ұстау хаттамасын анықтау органының бастығы бекітеді);

2) одан әрі тергеу изоляторына алып бару үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 150-бабы тәртібіне сәйкес қамауға алу түріндегі айыпталушыға қатысты жолын кесу шарасын таңдау туралы сот немесе прокурордың қаулысы, сондай-ақ тергеушінің, анықтаушының, прокурор немесе оның орынбасарының рұқсаты, не сот үкімі;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 152-бабының тәртібіне сәйкес қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасы таңдап алынған сезіктінің немесе айыпталушының тұтқындалғандарды ұстау орындарында (уақытша ұстау изоляторы) ұстау туралы прокурордың, сондай-ақ тергеушінің, анықтаушының прокурор немесе оның орынбасары рұқсат берген қаулысы;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 509-бабының тәртібіне сәйкес қамауда болған адамға қатысты шығарылған арнайы үлгідегі психиатриялық ауруханаға орналастыру туралы сот қаулысы.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар лауазымды адамдардың қолымен куәландырылуы және тиісті мекеменің елтаңбалы мөрімен бекітілуі тиіс, уақытша ұстау изоляторына қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын таңдап алу туралы сот үкіміне (ұйғарымына, қаулысына) көшірмесі ұсынылатын жағдайларда мұндай бұлтартпау шарасы қолданылған адамдардың толық деректері көрсетілуі керек және көрсетілген деректемелерде қолы, мөрі болуы тиіс.

Ұстау хаттамасына оны толтырған адам мен сезікті қол қояды.

7. Тұтқындау хаттамалары, қамауда ұстау туралы қаулылар және басқа да тиісті құжаттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің және Заңның талаптары сақталмай ресімделсе, оған қатысты адамдар уақытша ұстау изоляторына қабылданбайды.

8. Сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен анықталады.

9. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар үкімге сәйкес бас бостандығынан айыру орындарына жіберу үшін түзеу изоляторларына ауыстырылады.

Басқа адам жасаған қылмыстық іс бойынша тергеу іс-әрекеттерін жүргізу қажет болғанда, бас бостандығынан айырылған айыпталушылар:

1) басқа адам жасалған қылмыс жөнінде тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін прокурор бекіткен қаулының негізінде;

2) адамды басқа іс бойынша қылмыстық жауапқа тартқан жағдайда, егер соған қатысты тұтқынға алу түріндегі жолын кесу шарасы таңдалған болса, осындай жолын кесу шарасын таңдау туралы қаулының негізінде уақытша ұстау изоляторында уақытша қалдырылуы мүмкін.

10. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларды орындайтын мекемелерде жазасын өтеуші сотталғандар уақытша ұстау изоляторында:

1) сот қаулысы бойынша істі қарау кезінде - істің сотта қаралуына байланысты;

2) прокурор бекіткен қаулының негізінде басқа адам жасаған қылмыс туралы тергеу іс-әрекеттерінің өндірісіне байланысты ұсталуы мүмкін.

11. Тасымалданушы сезіктілер, айыпталушылар уақытша ұстау изоляторына елтаңбалы мөрмен расталған жеке құрам бойынша анықтаманың және жол бойы жасалған тізімнің негізінде қабылданады және онда ұсталады.

12. Өздерімен бірге үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер уақытша ұстау изоляторына оларды жақын туыстарына беру мүмкін болмаған жағдайда ғана қабылдануы мүмкін. Әйелдерді балаларымен қабылдау үшін бала соныкі екенін растайтын тууы туралы куәлік немесе басқа да құжаттар, ал мұндай құжаттар болмағанда - анықтау жүргізген лауазымды адамның, тергеушінің, прокурордың немесе осы іс өндірісінде бар соттың жазбаша нұсқауы негіз болып табылады.

13. Уақытша ұстау изоляторына жеткізілетін адамдарды қабылдаудың негіздерін тексеретін кезекші тәулік бойы қабылдау жүргізеді, жеткізілгендерден жауап алады, олардың жауаптарын ұстау хаттамасындағы (қаулыдағы, сот үкіміндегі) және басқа да құжаттардағы деректермен салыстырады, уақытша ұстау изоляторында ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды есепке алуға арналған журналға тіркейді. Уақытша ұстау изоляторына адамдар топталып жеткізілгенде олар жеке тінтуді жүргізу бөлмелерінде жабдықталған кабиналарға (бокстарға) 2 сағаттан аспайтын мерзімге орналастырылады.

Тексеру кезінде уақытша ұстау изоляторының кезекшісі (фельдшері) сезіктілерден денсаулық жағдайы туралы жауап алады. Уақытша ұстау

изоляторының кезекшісі (фельдшері) денсаулық жағдайына шағымдар айтылған және аурудың нақты белгілері болған жағдайда жедел медициналық көмек бригадасын шақыруға міндетті.

Кезекші сезіктілерде дене жарақаттары және денсаулығына зиян келудің нақты белгілері болғанда олардың пайда болу себептерін анықтайды, ол жөнінде уақытша ұстау изоляторы бастығына, ішкі істер органының бастығына жазбаша түрде баяндайды.

14. Уақытша ұстау изоляторына жеткізілгендерді камераларға орналастырудан бұрын медициналық тексеру тәртібі және олардың санитарлық тазартудан өтуі осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

15. Жаңадан келіп жеткен сезіктілер мен айыпталушыларға жеке тінту, жауап алу, санитарлық өңдеу жүргізілгеннен кейін, жұқпалы аурулар талдауының нәтижесі алынғанға дейін, уақытша ұстау изоляторының кезекшісі оларды карантинді өтуі үшін карантиндік камераларға орналастырады.

16. Қылмыс жасауда сезіктілер мен айыпталушылар карантин камераларында болған уақытта уақытша ұстау изоляторындағы ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген міндеттерді орындамау жауапкершілігі туралы ескертіледі.

17. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары:

1) Заңның 32-бабында қарастырылған бөлек орналастыру талаптарына сәйкес сезіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе жеке камераларда ұсталады;

2) сезіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге жеке камераларға орналастыруға уақытша ұстау изоляторы бастығының прокурор рұқсат берген дәлелді ұйғарымы бойынша жол беріледі, мынадай жағдайларда сезіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге жеке камераларға орналастыруға прокурордың рұқсаты талап етілмейді: Заңның 32-бабында алдын ала ескерілген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің басқадай мүмкіндігі болмағанда; сезіктінің немесе айыпталушының не басқа да сезіктілер мен айыпталушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде; сезікті мен айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша өтініші болғанда; сезіктілер мен айыпталушыларды, егер де олар күндіз жалпы камераларда ұсталған болса, жеке камераларға орналастыру кезінде;

3) сезіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда және өзге үй-жайларда отырғандармен сөйлесулеріне, қандай да бір нәрселерді беруіне және хат алмасуларына тыйым салынады;

4) сезіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, оларға қандай да бір нәрселер беру және хат алмасуы Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторы аумағынан тысқары жерлерге орналастыруда оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сақталуы тиіс.

19. Сезіктілер мен айыпталушыларды мұндай мақсаттарға арналмаған үй-жайларға орналастыруға тыйым салынады. Оларды камераларға орналастыру жеке басының және психологиялық сәйкестігін есепке алу арқылы жүргізіледі. Темекі шегетіндер оны шекпейтіндерден мүмкіндігінше бөлек орналастырылады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды, сондай-ақ сотталғандарды камераларға орналастыруда мынадай талаптар міндетті түрде сақталуы тиіс:

1) еркектер мен әйелдер;

кәмелетке толмағандар ұсталатын камералардағы тәртіп бұзушылықтардың алдын алу үшін қылмыстық жауапқа алғаш рет тартылған оңды сипатталатын ересектерді ұстау қажет болған жағдайларды қоспағанда кәмелетке толмағандар мен ересектер; қылмыстық жауапқа алғаш рет тартылғандар мен бұған дейін бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған адамдар;

оларға қатысты үкімдер заңды күшіне енген сотталғандар сезіктілер мен айыпталушылардан;

бір қылмыстық іс бойынша немесе бір-бірімен байланысты бірнеше істер бойынша сезіктілер мен айыпталушылар бөлек ұсталады;

2) аса ауыр және ауыр қылмыстар жасауда сезіктілер мен айыпталушылар;

аса қауіпті қылмыстарды қайталап сотталғандар;

өлім жазасына кесілгендер;

шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, оларды басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұстау жағдайлары болғанда;

әділет органдарының судьялары, адвокаттары, қызметкерлері, ішкі істер органдарының, прокуратураның, қаржы полициясының, кеден органдарының қызметкерлері, ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полициясы мен тәртіптік бөлімдерінің әскери қызметшілері болып табылатын немесе болған адамдар;

қамауда ұстау орны әкімшілігі бастығының шешімі бойынша не өндірісінде осы қылмыстық іс бар органның немесе адамның жазбаша шешімі бойынша басқа сезіктілер мен айыпталушылардың тарапынан өмірі мен денсаулығына қауіп төнген сезіктілер мен айыпталушылар; жұқпалы аурулармен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімді және бақылауды қажет ететін ауру адамдар басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

20. Сезіктілер мен айыпталушыларды ұстау режимі уақытша ұстау изоляторының осы Ережелерді сақтаумен, сезіктілер мен айыпталушыларды үздіксіз бақылауда ұстайтын арнайы жабдықталған және сенімді оқшауланған камераларда ұстаумен, олардың айдауылдаусыз жүріп-тұруына тыйым салумен,

тексерулердің, жеке тінтудің және заттарын тексерудің жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Режим талаптарын бұзатын адамдарға осы Ережеде қарастырылған шаралар қолданылады.

21. Ішкі тәртіп Ережелері сезіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторында және белгіленген шекаралар көлеміндегі аумақтарда барлық қозғалыстары кезінде сақталуға тиіс.

22. Сезіктілер мен айыпталушылардың тәртіптерін үздіксіз бақылауды жүзеге асыру үшін камераларға қараңғы түскеннен толық жарықтанған кезге дейін жарық беріледі.

23. Сезіктілер мен айыпталушыларды таңғы тексеру және оларды әжетханаға апару камералар бойынша екі кезекші нарядтардың - ауысатын және қызметке кірісетін күзетшілердің күшімен және ішкі істер органдары басшыларының немесе уақытша ұстау изоляторы бастығының бақылауымен жүргізіледі. Таңғы және кешкі тексеруге камераларды аралап шығу, сезіктілер мен айыпталушылардың санын тексеру, оларды жеке тінту, заттарын тексеру, шағымдары жайлы сұрау, камералардың техникалық жағдайларын қарау және тексеру кіреді.

24. Камераларды тазалау, едендерді және ыдыстарды жуу сезіктілер мен айыпталушылар күшімен кезекшінің және шығарушының бақылауы астында атқарылады. Сезіктілер мен айыпталушыларды өздеріне өздері қызмет көрсетумен байланысты емес басқа шаруашылық жұмыстарында пайдалануға тыйым салынады.

25. Камера есіктерін уақытша ұстау изоляторы кезекшісі (кезекшінің көмекшісі), уақытша ұстау изоляторы бастығы камералар жанындағы бекетшінің немесе шығарушының міндетті түрде қатысуымен аша алады. Камералардың кілттері уақытша ұстау изоляторы шегіне дейін толғанда уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің көмекшісіне тапсырылады.

Камераларға барлық қызметкерлерге бір мезгілде кіруге және өзімен бірге кілттерді ұстауға үзілді-кесілді тыйым салынады.

26. Сезіктілер мен айыпталушылар:

- 1) уақытша ұстау изоляторының тергеу кабинеттеріне;
- 2) кездесулер бөлмелеріне;
- 3) серуендеу ауласына;
- 4) уақытша ұстау изоляторының санөткізгішіне санитарлық өңдеуге;
- 5) медициналық қызметкерге;
- 6) әжетханаға (камераларда санитарлық жүйелер болмағанда ғана);
- 7) бару үшін;

8) айдауылдауға беру үшін;

9) уақытша ұстау изоляторы үй-жайларын тазалау, ыдыс-аяқ жуу үшін;

10) толық тінтуді жүргізу үшін ғана камералардан шығарылады.

27. Түнгі уақытта (жергілікті уақыт бойынша сағат 22-ден 6 сағатқа дейін) камералар аса қажетті жағдайларда ғана ашылады, ал сезіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығару олардың өміріне және денсаулығына қауіп төнген, сондай-ақ шұғыл медициналық көмек қажет болған ерекше жағдайларда және жағдай күрделенгенде ғана жүргізіледі.

Түнгі кездерде камераларды ашқанда және олардан сезіктілер мен айыпталушыларды шығарғанда уақытша ұстау изоляторынан қашу немесе күзетке шабуыл жасау мүмкіндіктерін болдырмайтын ерекше сақтық шаралары қолдануы керек.

28. Серуенге, әжетханаға, санитарлық өңдеуге және уақытша ұстау изоляторы үй-жайларын тазалауға шығарар кезде сезіктілер мен айыпталушыларға оларды шығару мақсаттары туралы хабардар етіледі. Қалған басқа жағдайлардың бәрінде камералардан шығару мақсаты хабарланбайды, тек қана сезіктінің немесе айыпталушының қалай киінуі қажеттігі және оның жеке заттарын алуға болатын-болмайтындығы көрсетіледі.

Сезіктілерге және айыпталушыларға, олардың туыстарына, жақындарына және таныстарына уақытша ұстау изоляторынан таяуда жөнелтілетіндері немесе босатылатындары туралы ескерту уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің міндеттеріне кірмейді.

29. Сезіктілер мен айыпталушылардың уақытша ұстау изоляторы ішінде немесе серуен ауласында жүріп-тұруы (топпен немесе жеке) тек белгіленген бағыттар бойынша ғана және шығарушының (шығарушылардың) айдап алып жүруімен ғана іске асырылады.

30. Сезіктіні және айыпталушыны камерадан шығарғанда бір шығарушы есікте қырынан тұрады, қалғандары дәлізді бойлай орналасады. Сезіктілер мен айыпталушылар дәлізге жеке-жеке шығарылады және қозғалыс бағытына қарай бір немесе екі қатардан сап түзейді.

31. Қозғалыс бағытының аяғына дейін шығарушылар сезіктілер мен айыпталушылардың қолдарын арттарына ұстап жүруін, тыныштық сақтауын, бір қатардан екінші қатарға өтпеуін, темекі тартпауын, камералар жанынан өткенде көру саңылауларын және есік желдеткіштерін ашпауын, еш нәрсе лақтырмауын, дәліз және баспалдақ алаңдарындағы қабырғаларға жазу жазбауларын қадағалауға тиіс.

32. Ерекше қауіпті қылмыскерлерді және қашуға немесе полиция қызметкерлеріне шабуыл жасауға ыңғайы бар адамдарды алып жүргенде әрбір 2-5 сезікті мен айыпталушыға 5 шығарушы, әрбір 6-10 сезікті мен айыпталушыға 6

-10 шығарушыдан келетіндей болуға тиіс. Қажет болған жағдайларда бір сезіктіні немесе айыпталушыны алып жүруге 2 шығарушы белгіленеді.

33. Бір сезіктіні немесе айыпталушыны жалғыз шығарушы алып жүргенде шығарушы айдауылшының соңында екі қадам аралықта еріп жүреді.

Бұрылыстарда шығарушы сезіктілер мен айыпталушыларды бұрышқа екі қадам қалғанда тоқтатады, содан соң өтер жол бос екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастырады.

Күзетілмейтін есікке жақындағанда шығарушы сезіктіні есікке бес қадам қалғанда тоқтатып, өзі есікті жабады және жолды әрі қарай жалғастырады. Сезікті мен айыпталушыны серуендеу ауласына шығарған кезде де осы тәртіп сақталады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды екі немесе одан да көп шығарушы алып жүргенде олардың бірі алдында, қалғаны айдауылданушылардың соңында жүреді.

Сезіктілер мен айыпталушыларды камералардан тергеу кабинетіне шығаруға прокурордың, тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның жазбаша талабы негіз болады, бұл туралы камералардан шығаруды тіркеу журналына белгі қойылады (3-қосымша).

Жауап алу үшін, жедел-тергеу әрекеттері мен кездесу (4-қосымша) жүргізу үшін сезіктіні немесе айыпталушыны шығару талабы бір адамға толтырылады, міндетті түрде ішкі істер органының хатшылығында тіркеуге алынады, сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторынан тыс жерлерге шығару үшін ішкі істер органы бастығының рұқсат визасы болуы керек.

Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекеттері өндірісі үшін уақытша ұстау изоляторы үй-жайларынан ішкі істер органдарының қызметтік кабинеттеріне шығаруға тыйым салынады.

34. Сезіктілер мен айыпталушыларды камералардан уақытша ұстау изоляторы санөткізгішіне шығаруды санитарлық өңдеуден өткізу күндері уақытша ұстау изоляторы кезекшісінің көмекшісі, шығарушылар немесе бекетші жүзеге асырады. Олар сезіктілер мен айыпталушыларды камералардан санөткізгішке және кері қарай алып жүруді, сондай-ақ санитарлық өңдеу кезінде оларды бақылауды қамтамасыз етеді.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, дактилоскопияға, суретке түсіру және заттардың тексеруін жүргізу

35. Уақытша ұстау изоляторына жеткізілген адамдар жеке тінтуге, дактилоскопиялауға, суретке түсірілуге тартылады, ал олардың заттары - тексеруге жатады. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторы

жағдайында дактилоскопиялауды, суретке түсіруді ішкі істер органының криминалдық қызмет бөлімшелері жүзеге асырады. Жеке тінтуді тінтілушімен бір жыныстағы адам жүргізе алады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту мен қарау аяқталған соң, олардың қатысуымен тінтуді жүргізген адам және тінтілуші қол қоятын хаттама (5-қосымша) жасалады.

Сезіктілер мен айыпталушылардың қол қоюдан бас тартуы және осы орайда айтылған наразылықтар тінту хаттамасына жазылады.

4. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және азық-түліктерді сезіктілер мен айыпталушылардан алып қою

36. Уақытша ұстау изоляторына қабылданған сезіктілер мен айыпталушылар өздерімен бірге тек қана осы Ережелерде рұқсат етілген нәрселерді, заттарды және азық-түлік өнімдерін қалдыра алады.

Тыйым салынған нәрселер, заттар және азық-түлік өнімдері сақтауға тапсырылады немесе акт жасау арқылы уақытша ұстау изоляторы бастығының дәлелді ұйғарымы бойынша жойылады.

Сезіктілер мен айыпталушылардың ақшалары, құнды қағаздары және бағалы заттары (ордендер, медальдар және оларға берілген құжаттар) ішкі істер органының қаржы бөліміне; жеке заттары - уақытша ұстау изоляторының сақтау камерасына сақтауға тапсырылады. Иесі табылмаған құжаттар, құнды қағаздар, хаттар, хат-хабарлар, жазу кітапшалары, фотосуреттер, ордендер және медальдар көшірмесі сезіктінің немесе айыпталушының жеке ісіне қосылатын акт бойынша анықтаушыға, тергеушіге, сотқа беріледі.

Ақшаларды және бағалы заттарды қабылдау туралы түбіртектің көшірмесі қолхат арқылы уақытша ұстау изоляторына орналастырылған адамға беріледі, екінші көшірмесі - оның жеке ісіне қосылады. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына ауыстырғанда, ордендер, медальдар және оларға берілген құжаттар, сондай-ақ жеке заттары, ақшалары (сәлемдемелер мен бандерольдар пошта арқылы) тергеу изоляторының қаржы бөліміне жіберіледі.

37. Жеке тінтуде алып қойылған ақшалар, бағалы заттар, құнды қағаздар, заттар мен азық-түлік өнімдері тек анықтаушының, тергеушінің немесе соттың рұқсатымен ғана туыстарына не басқа адамдарға берілуі мүмкін.

38. Бағалы емес, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторында сақтауға тыйым салынған нәрселер мен заттар (спирттік ішімдіктер, ойын карталары және т.с.с.) жойылады. Бұл жөнінде акт толтырылады.

39. Уақытша ұстау изоляторында табылған және иесі анықталмаған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар алынады, ол жөнінде хаттама жасалады және

іске асыру және тиісті бюджет табысына енгізу үшін белгіленген тәртіппен салық органдарына беріледі.

40. Тексеру кезінде өз бетімен тапсырылған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар алынады және қамауда ұстау орындарына келгеннен кейін оларды қолдану құқығынсыз ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес сезіктілер мен айыпталушылар босатылғанға дейін сақталады. Соттау немесе оны қамауда ұстау орындарына, бас бостандығынан айыру орындарына жіберген жағдайда, жоғарыда аталған ақшалар, құнды қағаздар мен бағалы заттар тізімдеме бойынша қылмыстық жазасын өтеу мекемелеріне жіберіледі.

41. Сезіктілер мен айыпталушылар пайдалануға және сақтауға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен азық-түлік өнімдері уақытша қамауда ұстау орнының әкімшілігіне беріледі немесе сот шешімі бойынша жойылады.

42. Қылмыстық ісі өндірістегі сезіктінің немесе айыпталушының өтініші және сол адамның не органның келісімі бойынша уақытша ұстау изоляторында сақталған бұйымдары, заттары және азық-түлік өнімдері сезіктінің немесе айыпталушының туыстарына немесе өзге адамдарға берілуі мүмкін.

43. Сезікті немесе айыпталушы қайтыс болған жағдайда, оның сақтаудағы ақшалары, құндылықтары, басқа бұйымдары, заттары және азық-түлік өнімдері заңнамада белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне беріледі.

5. Сезіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

44. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларға гигиена, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін жағдай жасауға міндетті. Санитарлық алаң нормасы бір адамға кемінде пайдалы алаң 2,5 шаршы метр есебінен белгіленеді.

45. Уақытша ұстау изоляторында ұсталатындар жеке пайдалану үшін:

- 1) ұйықтау орнымен;
- 2) төсек жабдықтарымен: матрац, жастық, көрпе;
- 3) төсек орын заттары: екі жайма, жастық тыс;
- 4) тамақ ішетін асханалық ыдыстармен;
- 5) орамалмен;
- 6) сабынмен қамтамасыз етіледі.

46. Уақытша ұсталу изоляторларында ұсталу кезеңінде уақытша пайдалануға қазыналық мүлік ақысыз беріледі. Пайдалануға тізбесі және саны Ережелермен белгіленетін өз төсек жабдықтары, сондай-ақ басқа да заттар мен нәрселер қабылдануы мүмкін.

47. Уақытша ұстау изоляторларының камералары:

1) столмен;

2) санитарлық тораптармен (құбыр болмаған кезде табиғи қажеттіліктерін өтеуге арналған ыдыстармен);

3) кран су құбыры суымен (су құбырлары болмаған кезде ілгекті пластмасс қол жуғыштармен);

4) сырт киімдерін ілуге арналған ілгіштермен;

5) жуынып шайыну жабдықтарына арналған сөрелермен;

6) ауыз суға арналған кішкентай бакпен;

7) радиохабар тарату құралдары;

8) қоқысқа арналған урнамен жабдықталады.

Күн сайынғы тұтыным бойынша камераға ішу үшін қайнаған су беріледі.

Аптасына бір рет әрбір сезікті мен айыпталушыға ұзақтығы 15 минут душта шомылу мүмкіндігі беріледі.

Сезіктілер мен айыпталушыларға қырынатын құралдар олардың өтініші бойынша белгіленген уақытта, аптасына екі рет беріледі.

Сондай-ақ олардың өтініші бойынша шағымдар мен өтініштер жазу үшін жазу құралдары (қағаз, шарикті қалам) беріледі.

48. Әрбір уақытша ұстау изоляторы тамақ ысыту үшін электр плита, су қайнатқыш, шкаф, ыдыс жуу үшін үш ұялы ванна (ыдыс) бөлме, сондай-ақ төсек жабдықтарын және камераларда сақтауға рұқсат етілмеген жеке заттарын сақтайтын бөлме жабдықталады.

49. Сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген нормалар бойынша денсаулығы мен әл-қуатын қалыпты жағдайда ұстауға жеткілікті үш мезгілгі тамақпен ақысыз қамтамасыз етіледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Ереженің 46-тармағына сәйкес сақталуға және пайдалануға тыйым салынғандардан басқасын, қолма-қол ақшасыз есеп бойынша бірінші кезекте қажетті азық-түлік өнімдерін, заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіптік тауарларды сатып алуға құқығы бар.

50. Сезіктілер мен айыпталушылар қамауда ұстау кезінде олардың өзге әрекеттерімен мемлекетке келтірілген материалдық залал үшін, заңнамада қарастырылған тәртіп және мөлшері бойынша материалдық жауапкершілікке тартылады.

51. Мемлекетке келтірілген залалдың мөлшері уақытша ұстау изоляторы бастығының материалдық залалды өтеу туралы қаулысымен (6-қосымша) анықталады.

52. Ұйғарым сезіктіге немесе айыпталушыға қолхат арқылы хабарланады және жоғары лауазымды адамға, прокурорға және сотқа шағымдалуы мүмкін.

53. Материалды залалды ерікті төлеуден бас тарту болған жағдайда ол сот тәртібінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазаланады.

54. Келтірілген материалды залал үшін қателесіп алынған сомалар сезіктіге немесе айыпталушыға қайтарып беруге жатады және оның жеке есепшотына аударылады.

55. Келтірілген материалдық залал сезіктінің немесе айыпталушының өтініші және олардың келісімі бойынша оның туыстарымен немесе басқа да адамдармен төленуі мүмкін.

56. Сотталушыны бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындайтын мекемеге жіберген жағдайда төленбеген материалдық залал сотталушының жеке есепшотына түскен қаражаттың есебінен аталған мекеменің әкімшілігімен төленеді.

57. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің кінәсімен сезіктіге немесе айыпталушыға келтірілген материалдық залал, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төленеді.

58. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі материалдық залал келтірген кінәлілерді анықтау үшін ішкі істер органының бастығы тағайындайтын және залал келтіру фактісі анықталған күннен үш күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс қызметтік тексеру жүргізеді.

Тексеру кезінде материалдық жауапкершілік жүктелетін жағдайлардың саны, залалдың нақты сипаты мен мөлшері не негізгі материалдық жауапкершіліктің болмауы анықталады.

59. Уақытша ұстау изоляторында ұсталушы сезіктіні немесе айыпталушыны материалдық жауапкершілікке тарту мүліктік зиянды (материалдық залалды) және осы адамның іс-әрекетіне қарама-қайшылығын анықтау кезінде орын алуы мүмкін.

60. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша залалды өтеу және зардап шеккенге залал келтірген сезіктіге немесе айыпталушыға қолхат арқылы хабарланатын ішкі істер органының бастығы бекіткен, мөр басылған қаулының негізінде жүргізіледі. Өтем сезіктіні немесе айыпталушының жеке есепшотында бар немесе уақытша ұстау изоляторы кезекшісінде сақтауда тұрған қаражат сомасымен жүргізіледі.

61. Қолма-қол сомадан өтемді уақытша ұстау изоляторы бастығы жүргізеді (не оның міндетін атқарушы адам) бұл жөнінде сезікті немесе айыпталушының қолма-қол ақша қаражатынан материалдық залалды өтеу туралы (7-қосымша) үш данада хаттама толтырылады. Оған уақытша ұстау изоляторы бастығы (ішкі істер органының) және ақшалай сомасынан ұстап қалу жүргізілген адам қол қояды. Хаттаманың бір данасы қаулымен және ұсталған ақшамен бірге ішкі істер

органының қаржылық бөліміне тапсырылады, екінші данасы залал келтірген адамның жеке ісіне қосылады, үшіншісі оған қолхат арқылы беріледі.

62. Сотталушыда ақша болмаған кезде, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторына өтем залалы толық жүргізілмегенде, келтірілген залалға ұстап қалу жөніндегі қаулы оның тұрған жеріне жіберіледі. Ұстап қалу сотталушының табысынан жүргізіледі.

63. Келтірілген залалды өтеу туралы уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің шешімінде белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін. Шағым беру залалды өтеуді тоқтату үшін негіз болып табылмайды. Шағымы қанағаттандырылған жағдайда, бұрын ұсталған сомасы қайтарылады.

64. Материалдық залалды қалпына келтірмеген сезікті немесе айыпталушы уақытша ұстау изоляторынан босатылған жағдайда, азаматтық сот өндірісі тәртібімен төлеуі мүмкін. Ішкі істер органы сотқа залалды қалпына келтіру туралы қарсы өтініш береді (8-қосымша).

65. Материалдық залалды қалпына келтіру туралы талап ету арызы 2 данамен жауап берушінің тұрғылықты орны бойынша сотқа беріледі. Жауап берушінің тұрғылықты орны белгісіз болған жағдайда талап ету оның тұрған жеріндегі мүліктері немесе оның белгілі соңғы тұрғылықты орны, не залал келтірілген орны бойынша көрсетілуі мүмкін.

66. Талап ету арызына ішкі істер органының бастығы (қарсы өтінішті жазушы) немесе оның орынбасары қол қояды. Егер де арыз сотқа өкілімен бірге барса, арызда өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат қоса беріледі.

Талап ету арызы сотқа жауап берушілердің саны бойынша көшірмелерімен беріледі.

67. Талап ету арызында:

- 1) арыз берілетін соттың атауы;
- 2) талап ету арызын жазушының атауы (ішкі істер органы), оның тұрған жері, сондай-ақ егер де арыз өкілімен бірге жіберілсе, өкілдің аты-жөні және оның мекен-жайы;
- 3) жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрғылықты жері;
- 4) талап ету арызын жазушы өз талаптарын және оларды растайтын дәлелдерді негізге ала отырып ұсынатын жағдайлар;
- 5) талап ету арызын жазушының талаптары;
- 6) талап етудің бағасы, егер ол бағаланатын болса;
- 7) арызға ұсынылатын құжаттар тізбесі көрсетіледі.

6. Сезіктілер мен айыпталушылардың азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ бірінші қажеттілікте керекті заттарды және басқа өндірістік тауарларды сатып алуы

68. Қолма-қол есеп айырысу арқылы азық түлік өнімдерін, бірінші қажеттілікте керекті заттарды, сондай-ақ басқа да өндірістік тауарларды сатып алуға ниет білдірген сезіктілер мен айыпталушыларға берілген бланкілер (9-қосымша) толтырып болғаннан кейін, ішкі істер органы қаржы бөлімінің жеке есепшоттағы ақшасы туралы түбіртегімен бірге уақытша ұстау изоляторы кезекшісіне беріледі. Сезіктілер мен айыпталушылар сатып алу жүктелінген уақытша ұстау изоляторы қызметкеріне ішкі істер органы қаржы бөлімі кассасынан олардың жеке есепшотындағы қажетті соманы есеп айырысу арқылы алуға сенімхат береді.

Берілген ақшалар аванс есебінен және сатып алынған азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті нәрселерді, бұл жөнінде өтініш жасаған сезіктілер мен айыпталушыларға беруді растайтын құжаттардың негізінде сол адамның есепшотынан шығарылады. Өтініштің және азық-түлік өнімдерін алуда берілген қолхаттың негізінде, олардың құны сезіктілер мен айыпталушылардың жеке есепшотынан шығарылады.

Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларға азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға жұмсалған ақша сомасы (датасы көрсетіледі) туралы жеке ісінің арнайы парағына белгі жасайды.

7. Сезіктілер мен айыпталушыларға арналған сәлемдемелерді қабылдау мен беру

69. Сезіктілер мен айыпталушыларға санының шектелуінсіз сәлемдемелер алуға рұқсат етіледі, бірақ салмағы пошта тәртібінде қарастырылған нормадан аспауы тиіс. Кәмелетке толмағандар мен ауруларға, ауыр науқастармен ауыратындарға, жүкті әйелдерге, сонымен қатар өзімен бірге үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге берілетін сәлемдемелердің салмағын шектеуге жол берілмейді.

Сәлемдемелерді қабылдау екі данадан белгіленген нысанда жасалған өтініштері негізінде жүргізіледі (10-қосымша).

Сезіктілер мен айыпталушылардың өзімен бірге ұстайтын азық-түлік өнімдерінің, бірінші қажеттілікте керек заттар, аяқ киімдер, киімдер және басқа да өндірістік тауарлардың саны мен тізбесі, оларды сақтау, сәлемдемелерді алу және қолма қол есепсіз сатып алу, сондай-ақ белгіленген қаржымен оларға қызмет көрсету тізбесі осы Тәртіппен анықталады.

70. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі дәрігердің қорытындысы бойынша сезіктілер мен айыпталушылар үшін дәрі-дәрмектерді, олармен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда ғана қабылдайды.

71. Адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыс жасау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, қамауда ұстау мақсаттарына бөгет жасайтын нәрселер, заттар мен азық-түлік өнімдерін сезіктілер мен айыпталушыларға беруге тыйым салынады.

72. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды, және азық-түлік өнімдерін, ал осыларға тең кез-келген нәрселерді, заттарды және азық-түлік өнімдерін тексеруден жасыру немесе беру белгіленген тәртіп бойынша заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

73. Құрамында кемінде екі полиция қызметкері бар комиссия сәлемдемелерді тексеруді жүзеге асырады. Тыйым салынған заттарды тауып алған кезде хаттама (акт) толтырылады. Онда нақты алынған немесе сақтауға тапсырылған заттар көрсетілуі керек. Актіге комиссия мүшелері қол қояды, қолхат арқылы сезіктіге, айыпталушыға хабарланады және оның жеке ісіне қосылады.

74. Сәлемдемемен келіп түскен азық-түлік өнімдері, заттар мен нәрселер хат алушыға тапсырылмаса, хат алушы есебінен немесе жіберушінің төлемімен кері қайтарылуы мүмкін.

75. Сәлемдемеден тауып алынған ақшалар анықтау арқылы сезіктілер мен айыпталушылардың жеке есепшотына пошта тәртібіне, пошта аударымдарын жібергені үшін төленетін тарифтер бойынша алымға сәйкес аударылады.

76. Басқа қылмыстық іс жүргізумен байланысты бас бостандығынан айрылу түріндегі қылмыстық жазаға тартылған, мекемеден уақытша ұстау изоляторына ауыстырылған сотталғандардың алған сәлемдемелер саны туралы әкімшілік жеке істің арнайы парағына белгі жасайды.

8. Сезіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттарды, хаттарды, ақша аударымдарын алуы және жөнелтуі

77. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен басқа да адамдарға айына кемінде екі хат немесе жеделхат жіберуге және алуға рұқсат етіледі. Хат-хабарларды алу мен жіберу сезіктінің немесе айыпталушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

78. Сезіктілер мен айыпталушылардың хат-хабар алысуы тек қана уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі арқылы осы қылмыстық істі жүргізетін органның немесе адамның рұқсатымен жүзеге асырылады және осы Ереженің 86 тармағында қарастырылған жағдайлардан басқасы цензураға тартылады. Цензураны уақытша ұстау изоляторы әкімшілігі, ал қажет болған жағдайда қылмыстық істі жүргізетін орган немесе адам жүзеге асырады.

79. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны немесе мәжбүрлеп емдеуді орындайтын мекемелерде ұсталушы сезіктілер мен

айыпталушылардың хат-алмасуы қылмыстық істі жүргізетін орган немесе адамның рұқсатымен жүзеге асырылады.

80. Сезіктің немесе айыпталушының атына келген хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хат алушыға жіберуді мерекелік және демалыс күндерден басқа, хат келіп түскен немесе оны сезікті немесе айыпталушы тапсырған күннен үш күн мерзімнен кешіктірмей уақытша ұстау изоляторы әкімшілігі жүргізеді. Хатты Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне және ресми қолданылған орыс тілінен кері аудару қажет болғанда, хатты беру мерзімі аудармаға қажет уақытқа ұзартылуы мүмкін.

81. Сезіктіге немесе айыпталушыға жақын туысының өлімі немесе ауыр науқасы туралы мәліметтер оларды алғаннан кейін кешіктірілмей хабарланады.

82. Сезіктіге немесе айыпталушыға, ол уақытша ұстау изоляторынан кеткеннен кейін келген хаттар, оларды алған күннен үш күндік мерзімнен кешіктірмей кеткен жері бойынша жіберіледі.

83. Уақытша ұстау изоляторындағы сезіктілер мен айыпталушыларға келіп түскен ақша аударымдары олардың жеке есепшотына аударылады (11-қосымша). Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен сезіктілер мен айыпталушылар жақын туыстары мен өзге де адамдарға өз қаражаты есебінен ақша аударымын жіберуі мүмкін.

9. Сезіктілер мен айыпталушылардың ұсыныс, өтініштер мен шағымдар жолдауы

84. Уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің өкілдері күн сайын камераларды аралайды және ұсталушылардан ұсыныстар, өтініштер мен шағымдарды жазбаша, әрі ауызша түрде қабылдайды. Ауызша түрде қабылданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар журналға жазылады және оларға рұқсат беруші адамға баяндалады. Жазбаша түрде жазылған және уақытша ұстау изоляторының әкімшілігіне жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар журналға тіркеледі және оларға рұқсат беруге шаралар қабылдайтын уақытша ұстау изоляторының бастығына баяндалады.

85. Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, бұқаралық ақпарат құралдарына жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар уақытша ұстау изоляторы әкімшілігі арқылы жолданады.

86. Прокурорға және сотқа жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар цензураға жатпайды және жабылған түрінде дереу жолданған адамға жіберіледі.

87. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінде қаралуы керек және жолданған күннен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жіберіледі.

88. Қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға көмектесетін қылмыс жасауға ықпал ететін құпия жазумен, шифрмен орындалған, мемлекеттік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ұсыныстар, өтініштер және шағымдар осы қылмыстық істі жүргізетін адамға немесе органға беріледі.

89. Соттың, анықтау жүргізген адамның, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекетіне және шешіміне қатысты шағымдар Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 104-бабында алдын ала қарастырылған жедел тәртіпте жолданады.

90. Ұсыныстардың, өтініштердің, шағымдардың жауаптары сезіктілер мен айыпталушыларға қолхат арқылы хабарланады және олардың жеке ісіне қосылады.

91. Сезіктілер мен айыпталушыларды олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне бұзушылықтармен байланысты ұсыныстар, өтініштер немесе шағымдар жасағаны үшін қудалаудың кез келген түріне жол берілмейді. Мұндай қудалауда уақытша ұстау изоляторының лауазымды адамдары, кінәлілер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

92. Апелляциялықтардан басқа ұсыныстарды, өтініштерді және шағымдарды жіберу бойынша шығындарды төлеу жіберушінің есебінен жүргізіледі. Сезіктіні немесе айыпталушының жеке есеп шотында ақша болмағанда, шығындар ішкі істер органдары есебінен жүргізіледі.

10. Сезіктілер мен айыпталушылардың діни салт-дәстүрлерді атқаруы

93. Сезіктілер мен айыпталушылар діни салт-дәстүрлерді камераларда, ал мүмкіндік бар болғанда осы мақсатқа арнайы жабдықталған уақытша ұстау изоляторындағы үй-жайларда олар жататын діннің барлық дәстүрлі конфессияларына сәйкес жүргізеді.

94. Тек қана уақытша ұстау изоляторының ұстау режимін бұзбайтын салт-дәстүрлерді жүргізуге рұқсат беріледі.

95. Сезіктілер мен айыпталушыларға өздерімен бірге діни әдебиеттерді, жеке пайдалану үшін қалтаға салып жүретін, денеге тағатын дін мәдениетінің нәрселерін, мәдени және тарихи құндылықты білдіретін үшкір және өткір заттардан басқа қымбат тастардан жасалған бұйымдарды ұстауға және пайдалануға рұқсат беріледі.

96. Сезіктілер мен айыпталушыларға, олардың өтініші бойынша және қылмыстық істі жүргізетін органның немесе адамның рұқсатымен діни көмек көрсету үшін дін мәдениеттерінің қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

11. Сезіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы

97. Сезіктілер мен айыпталушылар қылмыстық істі жүргізуші орган немесе адамның рұқсатымен ішкі тәртіп Ережелерінде белгіленген тәртіппен, заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа өз өкілдері арқылы немесе тікелей азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға құқығы бар.

98. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру үшін сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 152-бабына сәйкес уақытша ұстау орнының бастығы куәландыратын, белгіленген нысанда сенімхат жазады.

Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларды өтініштері бойынша олардың есебінен сенімхат бланкілерімен қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда оны толтыру тәртібін түсіндіреді.

Қылмыстық істі жүргізуші орган немесе адам арқылы сенімхат иесіне беріледі немесе жолданады.

Сезіктілер мен айыпталушылардан сенімхат алғысы келгендер, уақытша ұстау изоляторы өкілінің жеке қабылдауда болуына өтінішпен өтініш жасайды не оны пошта арқылы жібереді.

12. Айыпталушылардың газет және журналдарға жазылуын жүргізу

99. Айыпталушыларға Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшесі арқылы таратылатын газет және журналдарға жазылуына құқық беріледі.

Айыпталушылар жазылуды ресімдеу үшін өтінішпен уақытша ұстау изоляторының бастығына өтініш жасайды. Өз есебінен жазылуды ресімдеуге ниет білдірген айыпталушыға абонемент бланкісі және жеткізу карточкасы беріледі.

Байланыс бөлімшесінде жазылуды ресімдеу жұмыстарын айыпталушының қаражаты есебінен уақытша ұстау изоляторының қызметкері жүргізеді.

Жазылуды басқа мекен-жайға жіберу жазылушының есебінен, оның жазбаша өтініші бойынша уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

Жазылу айыпталушының атынан оның туыстарына немесе өзге де адамдарға ресімделуі мүмкін.

Жазылу ресімделетін басылымдардың санына шек қойылмайды.

13. Сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

<*>

Ескерту. 13-тараудың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2010.05.06 N 157, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2010.05.18 N 350 және ҚР Ішкі істер министрінің 2010.06.14 N 272 (ресми жарияланған бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

14. Сезіктілер мен айыпталушыларды күнделікті серуендеуге шығару

123. Медициналық қызметкердің босату қағазы бар аурулар серуендеуге шығарылмайды.

124. Жүкті және өзімен бірге балалары бар әйелдерге ұзақтығы үш сағат болатын күнделікті серуендеу беріледі.

125. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушылар ұзақтығы кемінде екі сағаттан аспайтын күнделікті серуендеуге шығарылады. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене тәрбиесі жаттығулары және спорттық ойындармен шұғылдануға мүмкіндік беріледі.

126. Сезіктілер мен айыпталушыларға серуендеу тәуліктің жарық кездерінде жүргізіледі. Әр түрлі камерада ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды серуендеуге шығару ауыспалы кестемен белгіленеді.

127. Серуендеу аулалары отыруға арналған орындықтармен және жауыннан қорғалатын жабдықталады. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене тәрбиесі жаттығулары және спорттық ойындармен шұғылдануға мүмкіндік беріледі.

128. Сезіктілер мен айыпталушыларды серуендеуге шығару күндізгі уақытта оқшаулау тәртібін бұзбайтын уақытша ұстау изоляторы бастығы жасаған кесте бойынша жүзеге асырылады.

129. Маусым бойынша киінген, бір камерада отырған сезіктілер, айыпталушылар серуендеуге шығарылады.

130. Аса ауыр қылмыстар жасауда сотпен ең ауыр жаза өлім жазасы тағайындалуы мүмкін сезіктілер мен айыпталушыларға кісендер салынып және айдауыл құрамының бақылауымен серуендеуге жеке шығарылады.

131. Серуендеу жүргізу үшін уақытша ұстау изоляторының күзетілетін аумағы арнайы саны белгіленген нормативке байланысты анықталатын серуендеу ауласымен (аулалар) жабдықталады.

132. Қолайсыз метеорологиялық жағдайларға, сондай-ақ төтенше жағдайларды тарату кезеңінде (қашулар, өзін-өзі өлтіру жағдайлары және т.б.), ерекше жағдайдағы режим (табиғат апаттары, өрт және с.с.) мен жағдайдың қиындауына байланысты уақытша ұстау изоляторы бастығының өкімі бойынша серуендеу қысқартылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Серуендеу кезінде жүріс-тұрыс ережесін бұзған сезіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторы бастығының өкімі бойынша (ол болмағанда - ішкі істер органы немесе уақытша ұстау изоляторының кезекшісі) камераға қайтарылады.

15. Сезіктілер мен айыпталушылардың қорғаушыларымен, жақын-туыстары және өзге де адамдармен кездесуін өткізу

133. Сезікті мен айыпталушыны ұстаған сәттен бастап қорғаушымен оңаша жабық түрдегі кездесуге мүмкіндік беріледі. Кездесудің саны мен ұзақтығы шектелінбейді. Кездесу:

1) іске қорғаушы ретінде қатысушы адвокатпен,- ол адвокатураның қызметкері екенін растайтын құжатты және адвокаттың осы іске қатысу құқығына заң консультациясының ордерлерін немесе мағынасы бойынша оған тең құжатты көрсеткенде;

2) қорғаушы болып табылатын кәсіби одақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктің өкілімен,- ол қорғаушы тағайындау туралы қоғамдық бірлестіктің немесе оны басқарушы органның тиісті шешімін көрсеткенде;

3) іске қорғаушы ретінде қатысатын басқа адамдармен,- сот қаулысын, тергеушінің, анықтау жүргізген адамның қаулысын, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде беріледі.

134. Сезіктінің немесе айыпталушының қорғаушымен кездесуі жұмыс уақытында, оңаша, бөліп тұратын қалқасыз және олардың саны мен ұзақтығының шектелуінсіз жүзеге асырылады. Қорғаушымен кездесу тергеу кабинеттерінде немесе уақытша ұстау изоляторының кездесуге арналған бөлмелерінде жүргізіледі. Кездесу уақытша ұстау изоляторының қызметкері сезікті немесе айыпталушы мен қорғаушыны көріп тұратындай, бірақ оларды естімейтіндей жағдайда жүргізіледі.

135. Жақын-туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуі уақытша ұстау изоляторы қызметкерінің бақылауымен жүзеге асады. Сезіктілер мен айыпталушыларға қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіретін немесе қылмыс жасауға ықпал ететін пайдалануға тыйым салынған заттарды, бұйымдарды және азық-түлік өнімдерін не мәліметтерді беруді байқаған жағдайда, кездесу уақытынан бұрын тоқтатылады, оны жүргізуге жауапты

қызметкер бұл жөнінде уақытша ұстау изоляторының бастығына кездесудің тоқтатылу себептерін көрсетіп жазбаша түрде баяндайды.

136. Қылмыстық істі жүргізетін орган немесе адамның (14-қосымша) жазбаша рұқсатымен, сезіктілер мен айыпталушыларға жақын-туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуі үшін әрқайсысының ұзақтығы 3 сағаттық айына кемінде екі, ал кәмелетке толмағандарға кемінде үш кездесу берілуі мүмкін.

137. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің ресми өкілдері Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының шешімі бойынша шетелдік сезіктіге немесе айыпталушыға, егер де бұл заңнамаға қарама-қайшы болмайтын болса, келіп кетуге құқығы бар.

138. Жұқпалы аурумен ауыратындарға кездесудің саны мен ұзақтығы медициналық қызметкермен (дәрігермен) алдын ала сөйлесуден және ауру жұқтырып алу мүмкіндігі туралы жазбаша хабарламадан кейін белгіленген тәртіпте беріледі.

139. Рұқсат ету қағазы тек бір ғана кездесуге жарамды. Онда кімге және қандай адаммен кездесуге берілгені көрсетіледі. Уақытша ұстау изоляторында ұсталушы адаммен кездесуге 16 жасқа дейінгі балаларды есептемегенде, екі ересек адам жіберіледі.

140. Кездесуге тиісті негіздер бар болғанда, оған қатысты жазбаша өкімді уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе ішкі істер органының бастығы береді.

141. Кездесуге жеке басын куәландыратын құжатсыз немесе кездесуге берілген рұқсат қағазда көрсетілмеген адамдарға кездесуге рұқсат берілмейді.

142. Кездесу кезіндегі әңгіме айдауылға түсінікті тілде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайда аудармашы шақырылады. Кездесуге келгендерге, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторында ұсталушыларға кездесу кезінде іс-қимыл тәртібі түсіндіріледі. Оларға бір-біріне қандай да бір нәрселерді, заттарды, құжаттарды берулеріне тыйым салынады. Оларға егер кездесу кезінде осы Ережені бұзушылық байқалатын болса, кездесу тоқтатылуы мүмкін екендігі туралы алдын ала ескертіледі.

Кездесу кезінде осы Ережені бұзушылық болған жағдайда, айдауыл оларға ескерту жасайды, ал оның талаптары орындалмаған жағдайда, кездесуді тоқтатып, бұл жөнінде уақытша ұстау изоляторы немесе ішкі істер органы кезекшісіне баяндайды.

143. Сезіктілер мен айыпталушылар кездесу бөлмесіне бір-бірден апарылады.

144. Карантиндік іс-шараларға немесе жағдайдың қиындауына байланысты кездесуге уақытша тыйым салынған жағдайда, уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі бұл жөнінде прокурорды, тергеу және сот органдарын хабардар етеді.

145. Кездесуге шығарылған сезіктілер мен айыпталушылар сырт киімдерін ұқыпты ұстауы тиіс. Кездесу алдында және кездесуден кейін олар тінтіледі, ал олардың заттары тексеріледі. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі қамауда ұсталушыларға кездесудің берілуі туралы оның жеке ісінің арнайы парағына кездесудің датасын, кіммен және оған кімнің рұқсат бергендігі туралы белгі жасайды.

16. Сезіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды тергеу іс-әрекеттеріне және сот мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз ету

146. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі:

1) істі жүргізетін анықтаушының, тергеушінің, сондай-ақ прокурордың талап етуі бойынша уақытша ұстау изоляторында ұсталушы адамдарды камерадан шығаруды, сонымен қатар жауап алу және кез келген уақытта (жергілікті уақытпен сағат 6-дан 22-ге дейін), кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда түнгі уақытта басқа да тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысу үшін полиция айдауылын беруді қамтамасыз етуге;

2) сот өтініштеріне сәйкес қамауда ұсталушыларды (ішкі әскер қарауылдарын) сот мәжілістеріне айдауылдау үшін полиция айдауылдарын беруді қамтамасыз етуге;

3) соттан айыптау қорытындысының немесе үкімнің көшірмесін алған күні оны қолхатпен уақытша ұстау изоляторында ұсталушы адамға тапсыруға, ал қолхатты сотқа ұсынуға;

147. Уақытша ұстау изоляторының аумағында тергеу іс-әрекетін жүргізу үшін істі жүргізуші адамның, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе соттың (соттардың) нұсқауы бойынша уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі:

1) үй-жайлар беруге;

2) сезіктілер мен айыпталушыларды жеткізуге және олардың күзетілуін қамтамасыз етуге;

3) уақытша ұстау изоляторына тергеу іс-әрекеттеріне қатысу үшін өзге де адамдарды өткізуді қамтамасыз етуге;

4) уақытша ұстау изоляторының қоймасында сақталған немесе сезіктілер мен айыпталушылардың жеке пайдалануында болған заттарын алуға, тінтуге міндетті

148. Сезіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторынан тыс жерлерге тергеу іс-әрекеттеріне немесе сот мәжілістеріне қатысу үшін жөнелтілер алдында ыстық тамақ алуы тиіс. Олар маусым бойынша киінуі керек, сырт киімдерін ұқыпты ұстауы тиіс.

149. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекеттері мен сот мәжілістеріне қатысудан босату заңнамада қарастырылған негізде жүзеге асырылады.

17. Ынталандыру және жазалау шараларын қолданудың тәртібі

150. Сезіктілер мен айыпталушыларға міндеттерді үлгілі орындағаны, белгіленген қамауда ұстау тәртібін сақтағаны үшін ынталандыру шаралары:

- 1) бұрын берілген жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау;
- 2) спорттық сабақтар жүргізілетін орындарға қосымша түрде баруға, сонымен қатар кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға бос уақытын басқаша өткізуге рұқсат беру қолданылуы мүмкін.

151. Ынталандыруды уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе оның орнындағы адам қолданады.

152. Сезіктілер мен айыпталушыларға белгіленген тәртіпті орындамағаны үшін жазалау шаралары:

- 1) сөгіс;
- 2) карцерге және жеке камераға 15 тәулікке дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларды 7 тәулікке дейінгі мерзімге орналастыру қолданылуы мүмкін.

153. Қамауда ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жаза қамауда ұстау орны әкімшілігі жетекшісінің немесе оның орынбасарының дәлелді ұйғарымы бойынша жүктеледі.

Кінәліге бір заң бұзушылық жасағаны үшін бірнеше жаза қолданылмайды.

154. Заң бұзушылық жасау жағдайлары және сезікті мен айыпталушының іс-әрекеті ескеріле отырып жаза қолданылады. Жаза заң бұзушылық анықталған күннен, ал егер заң бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе, ол аяқталған күннен бастап 10 тәуліктен кешіктірілмей, бірақ іс-әрекет жасалған күннен бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Жаза, әдеттегідей дереу, ал оны дереу қолдану мүмкін болмаған жағдайда - ол қолданылған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

155. Жаза қолданылғанға дейін сезіктіден немесе айыпталушыдан жазбаша түсініктеме алынады, ал түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда тиісті акт жасалады.

156. Сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша түрде, басқа жазалар жазбаша түрде қолданылады.

157. Сезіктілер мен айыпталушылар жазаға наразылық білдіріп, жоғарғы лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

Шағым беру жазаның орындалуын тоқтатпайды.

158. Жүкті әйелдер және өздерімен бірге балалары бар әйелдер карцерге орналастырылмайды.

159. Сезіктілер мен айыпталушылар бөлек камераға немесе карцерге:

- 1) басқа сезіктілер мен айыпталушыларды ығыстырғаны және балағаттағаны;
- 2) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлерінің немесе басқа да адамдардың заңды талаптарына бағынбағандығы, оларды балағаттағаны үшін;
- 3) оқшаулау тәртіптерін бірнеше қайталап бұзғаны;
- 4) алкоголь ішімдіктерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;
- 5) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған басқа нәрселерді, заттарды, азық-түлік өнімдерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;
- 6) құмар ойындарға қатысқаны;
- 7) ұсақ бұзақылығы үшін орналастырылуы мүмкін.

160. Карцерге орналастыру түріндегі жаза сонымен қатар бұрын екі немесе одан да көп тәртіптік жазалар қолданылған адамдарға қолданылады.

161. Уақытша ұстау изоляторында ұсталушыларды карцерге орналастыру сезікті мен айыпталушыны карцерде тұру мүмкіндігі туралы уақытша ұстау изоляторының бастығының ұйғарымымен карцерге немесе бөлек камераға (15-қосымша) және медицина қызметкерінің сезікті мен айыпталушының карцерде болу мүмкіндігі туралы қорытындысының негізінде жүзеге асырылады.

Карцерге, бөлек камераға орналастырылған сезіктілерді немесе айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторының кезекшісі осындай адамдарды есепке алу кітабына тіркейді (16-қосымша).

162. Сезіктілер мен айыпталушыларды бөлек камерада ұстау. Карцерге орналастырылғанда жеке ұйықтау орнымен және төсек орын жабдықтарымен тек қана ұйықтайтын уақытқа белгіленген сағаттарда қамтамасыз етіледі. Карцерде ұстау кезінде сезіктілер мен айыпталушыларға хат жазысуға, кездесуге, қорғаушымен кездесуден басқа, сондай-ақ азық-түлік өнімдерін және бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға, хат, сәлемдемелер алуға, стол үсті ойындарын, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және басқа да әдебиеттерді пайдалануға тыйым салынады. Сезіктілер мен айыпталушыларға сәлемдемелер, олар карцерде немесе бөлек камерада отыру мерзімін аяқтағаннан кейін беріледі. Карцерде ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар ұзақтығы бір сағатқа дейін күнделікті серуендеуге шығады.

Карцерде немесе бір адамдық камерада ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларға қатысты алдын ала қарастырылмаған өзге де шектеулерге жол берілмейді.

163. Уақытша ұстау изоляторының бастығы карцерге немесе бір адамдық камерада отырғызуды кейінге шегеруге, ұстау мерзімін қысқартуға, не сезіктіні

немесе айыпталушыны карцерден медициналық көрсеткіштерін есепке ала отырып немесе ынталандыру шараларының тәртібінде мерзімінен бұрын босатуға құқығы бар. Кейінге шегеру кезінде жаңадан бұзушылық жасалынбаса, жазадан босатылуы мүмкін.

164. Карцерде отырғандарды анықтаушыға, тергеушіге немесе сотқа шақыру, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторынан уақытша әкетілу оларды бұдан әрі жазасын өтеуден босатпайды. Уақытша ұстау изоляторында ұзақтығы бір тәуліктен астам уақыт болмаса, ол уақыты карцерде ұстау мерзімінде есепке алынбайды.

165. Карцер - жалғыз отыратын арнайы жабдықталған камера. Қабырғалары тегіс сыланған, едені ағаштан жасалған. Кілтпен ашылатын есігі бар. Есікте бақылау көзі, тамақ беретін көзі бар. Карцердің әйнегі 0,5-0,5-темір торымен терезенің сыртқы жағына 5/5 см. тор орнатылған. Электр шамы есіктің үстінде немесе төбеде темір тормен қапталып орнатылған.

166. Карцерде:

1. Ағаш жапқышы бар, қабырғаға бекітілген, күндіз көтеріліп, бекітіліп қоятын темір керуерт;
2. Еденге немесе қабырғаға бекітілген стол және орындық;
3. Тазалық желісі орнатылады.

18. Уақытша ұстау изоляторы бастығының немесе оның уәкілінің сезіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауы

167. Сезіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау изоляторының бастығы немесе оның уәкілі демалыс және мереке күндерінен басқа уақытта күн сайын жұмыс уақытында жеке қабылдайды.

168. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторы бастығынан басқа оның орынбасарлары жүргізеді, қажет болғанда аталған лауазымды адамдар сезіктілер мен айыпталушыларды кестеден тыс уақытта да қабылдайды.

169. Қабылдау туралы уақытша ұстау изоляторының атына жазбаша өтініш беріледі немесе ауызша айтылады және берген уақытына қарай кезек тәртібімен жеке қабылдау журналына тіркеледі, сезіктілер мен айыпталушылардың қандай лауазым иесінің қабылдауында болғысы келетіні атап көрсетіледі.

19. Уақытша ұстау изоляторында қайтыс болған сезікті мен айыпталушының денелерінің берілуі

170. Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі сезіктінің немесе айыпталушының өлімі туралы ішкі істер органының кезекші бөліміне, оның жақын-туыстары мен прокурорға, сондай-ақ қылмыстық істі жүргізуші адамға

немесе органға хабар беріледі. Қайтыс болған адамның денесі патоанатомиялық зерттеуден кейін, сондай-ақ заңнамада қарастырылған өндірістегі әрекеттерден кейін оның талап етушілеріне тапсырылады.

171. Шетел азаматы қайтыс болған жағдайда уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі бұл жөнінде ішкі істер органының кезекші бөліміне дереу хабарлайды. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарында заңның қолданылуын қадағалайтын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып саналатын мемлекеттің елшілігіне немесе өкілдігіне жазбаша түрде хабарланады.

172. Өлген адамның денесін беруді талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша өндірісте қылмыстық ісі бар адамның немесе органның рұқсатымен беріледі.

Қайтыс болған адамның денесі талап етілмеген жағдайда, оны жерлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

20. Сезіктілер мен айыпталушыларды қамаудан босату тәртібі

173. Сезіктілер мен айыпталушыларды қамаудан босату үшін негіздемелер:

1) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе соттың қаулысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес шығарылған сот қаулысы;

2) қамауда ұстау орны әкімшілігі басшыларының немесе аталған сезіктіні немесе айыпталушыны Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген қамауда ұстау мерзімінің аяқталуына байланысты прокурордың қамаудан босату қаулысы болып табылады.

174. Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторынан босатуды соттың тиісті шешімі не тергеушінің, анықтау органының немесе прокурордың қаулысын алған соң, уақытша ұстау изоляторының бастығы жүргізеді.

175. Егер де Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 142-бабының бірінші бөлімінде көрсетілген мерзімнің бітуіне дейінгі жиырма төрт сағат ішінде қамауда ұстау орнының бастығына жолын кесу шарасы ретінде қамауға алынған сезіктіге қатысты айып тағу туралы хабарлама келіп түспесе, уақытша ұстау изоляторының бастығы бұл жөнінде қылмыстық істі жүргізетін органды немесе адамды хабардар етуге міндетті. Егер де Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 142-бабының бірінші бөлімінде көрсетілген мерзім аяқталған соң сезіктіге айып тағу немесе жолын кесу шарасын алып тастау жөніндегі тиісті шешім келмесе уақытша ұстау изоляторының бастығы оны өз ұйғарымымен босатады, көшірмесін жиырма төрт

сағат ішінде қылмыстық істі жүргізетін органға немесе адамға және прокурорға жібереді (17-қосымша).

176. Егер де ұсталған сәттен жетпіс екі сағаттың ішінде уақытша ұстау изоляторының бастығына ұсталған адамға жолын кесу шарасы ретінде қамауға алуды қолдану туралы прокурор бекіткен анықтаушының, тергеушінің ұйғарымы жетпесе, уақытша ұстау изоляторының бастығы өз ұйғарымымен оны дереу босатады және бұл жөнінде істі жүргізетін адамды және прокурорды хабардар етеді (18-қосымша).

177. Қамаудан босатылған сезіктілер мен айыпталушыларға жеке құжаттары, заттары, оның есепшотында сақталынған ақшалары, сондай-ақ қамауда ұсталынған мерзімі көрсетілген және босатуға негіздеме болып табылатын анықтама беріледі (19-қосымша).

178. Қамауда ұсталушыларды босатуды анықтау жүргізген адамның, тергеушінің, прокурордың тиісті ұйғарымы не соттың анықтауы немесе үкімі негізінде уақытша ұстау изоляторының бастығы жүргізеді. Анықтау жүргізген адамның ұйғарымы анықтау органы бастығымен бекітіледі.

179. Сот залынан қамаудан босату дереу соттың үкімімен (анықтауымен) байланысты жүргізіледі. Сезікті немесе айыпталушы сотталғандардан алынған бағалы заттары мен нәрселерін, құжаттарын, сондай-ақ оның есепшотындағы ақшаларын уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі қайтарады.

180. Егер де сезікті немесе айыпталушы уақытша ұстау изоляторынан босатылу алдында ауырып қалса, ол туыстарына тапсырылады немесе денсаулық сақтау органының емдеу мекемесіне жіберіледі.

21. Уақытша ұстау изоляторында сезіктілер мен айыпталушылардың жүріс-тұрыс тәртібі

181. Уақытша ұстау изоляторында ұсталатын сезіктілер мен айыпталушылар:

1) заңмен және осы Ережемен белгіленген уақытша ұстау изоляторындағы ұстау тәртібін сақтауға;

2) уақытша ұстау изоляторы әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) санитария және гигиена талаптарын сақтауға;

4) өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;

5) уақытша ұстау изоляторының мүліктеріне ұқыпты қарауға;

6) камераларды және уақытша ұстау изоляторларының басқа да үй-жайларын кезекпен жинастыруға;

7) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлерінің, сезіктілер мен айыпталушылардың қадір-қасиетін түсіретін әрекеттер жасауға;

8) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлеріне, сонымен қатар уақытша ұстау изоляторында ұстау тәртібін қамтамасыз ететін басқа да адамдарға, олардың қызметтік міндетін орындау кезінде кедергі жасамауға;

9) басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қасақана әрекеттер жасамауға;

10) белгіленген күн тәртібін сақтауға міндетті.

182. Осы Ережені сақтау мақсатында, сезіктілер мен айыпталушылар арасынан камера бойынша кезекшілік қойылады.

183. Камера кезекшісі:

1) камераға уақытша ұстау изоляторы қызметкері кірген кезде, онда ұсталынушы адамдардың саны туралы баяндауға;

2) камерадағы жабдықтар мен басқа да мүліктердің сақталуын қадағалауға;

3) ыдыстар алуға және оны тапсыруға;

4) камерадағы тазалықты сақтауға, сыпыруға және еденді жууға;

5) табиғи қажеттіліктерге арналған кішкентай бакты жууға және шығаруға міндетті.

184. Уақытша ұстау изоляторында болған кезде сезіктілер мен айыпталушылардың:

1) өз құқығы мен міндеттері, уақытша ұстау изоляторында ұстау режимі, тәртіптік талаптар туралы мәліметтер алуға, ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар жіберуге;

2) жеке басының қауіпсіздігіне;

3) қорғаушымен кездесуге;

4) туыстарымен және басқа да адамдармен кездесуге;

5) түнгі уақытта 8 сағаттық ұйқыға, бұл уақыт ішінде оларды Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен алдын ала қарастырылған жағдайлардан басқа процессуалды және басқа да іс-әрекеттерге қатысуға тартуға тыйым салынады;

6) уақытша ұстау изоляторы қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынасқа;

7) қарама-қарсы мақсатта пайдалануы мүмкін, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны білдіретін мәліметтерден тұратын құжаттар мен жазбалардан басқа, қылмыстық іске не өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне қатысы бар құжаттар мен жазбаларды өзінде сақтауға;

8) уақытша ұстау изоляторының бастығына (ішкі істер органының бастығына) және уақытша ұстау изоляторының қызметін бақылаушы адамдарға жеке қабылдауы туралы өтініш білдіруге;

9) сонымен қатар сотқа оларды уақытша ұстау изоляторында ұстаудың негізділік және заңдылық, заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылу мәселелері бойынша ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар жасауға;

10) хат жазысуға және жазу құралдарын пайдалануға;

11) ақысыз азық-түліктер алуға, материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, оның ішінде, тергеу әрекеттері мен сот мәжілістеріне қатысу кезінде;

12) ұзақтығы бір сағаттан кем емес күнделікті серуендеуді пайдалануға;

13) өзінің төсек жабдықтарын, сонымен қатар тізбесі мен саны осы Ережемен анықталатын басқа да нәрселер мен заттарын пайдалануға;

14) уақытша ұстау изоляторындағы кітапханаларындағы, не уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі арқылы сауда желісінен сатылып алынған әдебиеттер мен мерзімді баспасөздерді, сонымен қатар стол үсті ойындарын пайдалануға;

15) ішкі тәртіп ережелері және басқа да сезіктілер мен айыпталушылардың құқығын сақтау жағдайында УҰИ-дың үй-жайларына діни ғұрыптарды ұстануға, өзімен бірге діни әдебиеттер, діни мәдениетке қатысты заттардың болуына;

16) өздігінен білім алумен шұғылдануға және осыған қатысты арнайы әдебиеттерді пайдалануға;

17) сәлемдемелер алуға;

18) азаматтық-құқықтық мәмілеге қатысуға;

19) заңнамалық актілермен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

22. Айыпталушылар мен сезіктілерге сақтауға сәлемдеме алуға, алдыруға және ақша аудару арқылы алуға болатын азық-түлік, алғашқы қажеттілік заттары, аяқ киім, киімдері және басқа да өндірістік тауарлардың саны мен тізбесі

185. Қамауда отырған сезіктілер мен айыпталушылар өзімен бірге сақтауға сәлемдеме алуға және ақша аудару арқылы сатып алуы мүмкін:

1) тез бүлінетін және жылытуды талап ететін тағамдар, ашытқылар, алкогольдік ішімдіктер және сыралардан басқа, азық-түліктер;

2) темекі бұйымдары, сіріңке;

3) белбеусіз, иық бау және галстуксыз-бір комплекті киімдер (оның ішінде белгіленген үлгідегі), сондай-ақ бас киім, маусымға сәйкес аяқ киім;

4) бір комплекті спорт костюмі немесе әйелдерге арналған үйде киетін халат (белгіленген үлгідегі киімдерді алған қамауда отырған адамдардан басқа);

5) іш киімдер;

6) шұлық;

- 7) шұлықтар мен колготкалар (әйелдерге арналған);
 - 8) биялай немесе қолғап;
 - 9) қол орамал;
 - 10) бөлмеде киетін және спорттық аяқ киімдер (бір жұп);
 - 11) туалет бұйымдары (туалет, кір сабын, сұйық сабын немесе шампундар (тергеу изоляторы дәрігерінің тағайындауы бойынша), тіс пастасы, тіс щеткасы, сабын мен тіс щеткаларына арналған пластмасс сауыттар, крем, тарақ);
 - 12) қалта айнасы (камерада айна болмаған жағдайда), электрлі сақал алғыш немесе механикалық ұстара, бір рет қолдануға арналған қауіпсіз ұстаралар;
 - 13) киім-кешек салатын қап немесе сумка;
 - 14) көзілдірік және көзілдіріктерді салатын пластмасс сауыттар;
 - 15) бас орамал, рейтуздар, белдіктер, бюстгальтерлер, дәке, шашқа тағатын бұйымдар, мақта, гигиеналық және косметикалық бұйымдар, пластмасс бигудилер (әйелдерге арналған);
 - 16) балдақтар, ағаш таяқтар, протездер (дәрігердің рұқсаты бойынша);
 - 17) зауытта дайындалған тұрмыстық су қайнатқыштар;
 - 18) жөке немесе жұмсақ ысқыш;
 - 19) шарикті қалам, оның стержені (қара, күлгін, көк түсті);
 - 20) хат жазу үшін қағаздар, оқушы дәптерлері, пошта конверттері, открыткалар, пошта маркалары;
 - 21) дәрет қағазы;
 - 22) қалтада алып жүретін немесе тағатын діни бұйымдар;
 - 23) бір комплект төсек жабдықтары (екі жайма және жастық тыс), орамал;
 - 24) көркем және өзге де әдебиеттер, сондай-ақ уақытша ұстау изоляторы кітапханасының периодикалық басылымдары не оның әкімшілігі арқылы сауда желілерінен сатып алу;
 - 25) фотосурет екеуден көп емес;
 - 26) стол үсті ойындары (дойбы, шахмат, домино, нарда);
 - 27) балалар күтіміне арналған заттар (дәрігердің тағайындауы бойынша өзімен бірге үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге);
 - 28) тергеу изоляторы дәрігерінің тағайындауы бойынша дәрі-дәрмектер.
- Жоғарыда аталған заттардан басқа қамауда отырған адамдарға өзімен бірге қылмыстық істерге қатысты не олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты құжаттар мен жазбаларды, сондай-ақ пошта жөнелтулерінің бланктеріне, сақтауға тапсырылған ақша, құнды заттар, құжаттар және басқа да заттарға түбіртекті сақтауға болады.

Осы Ережеде қарастырылмаған заттар мен бұйымдар тыйым салынған болып саналады.

"Бекітемін"

Бастық _____

(атағы, аты-жөні)

(қолы)

200__ жылғы " ____ " _____

Қылмыс жасауда сезік туғызғаны үшін ұстау туралы

ХАТТАМА

200__ жылғы " ____ " _____

(хаттаманы толтыру уақыты)

1. Елді мекеннің атауы _____

(хаттаманы толтырған адамның лауазымы, атағы, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің _____

бабына сәйкес қылмыс жасауға сезік туғызғаны үшін

(аты-жөні, туған жылы, күні, айы, жұмыс орны, лауазымы, тұратын жері) тергеушіге жеткізген уақыты немесе егер ол анықтаушы немесе тергеушінің қаулысы бойынша ұсталса, ұстау уақыты

200__ жылғы " ____ " _____

(хаттаманың толтырылған уақыты)

2. Ұстау негізі (керегінің астын сызу керек):

1) Қылмыстың үстінде ұсталды немесе қылмыс жасағаннан кейін ұсталды.

2) Куәгерлер, оның ішінде жәбірленушілер, қылмыс жасаған адамға көрсетеді.

3) Сезіктің үстінде, киімінде, үйінде қылмыс іздері қалған.

4) Тұрақты тұрғылықты орны жоқ, немесе сезіктің жеке басы анықталмаған немесе ол қашуға бет бұрған қылмыс жасау кезінде кісіге сезік туғызуда негіз болатын өзге де деректер.

3. Ұстау себебі:

Айыпталушы _____

қылмыс жасағанға сезікті екені жарияланады.

Сонымен қатар _____ айыпталушы мен сезіктінің құқықтары түсіндірілді; не үшін айыпталатыны; ұсталған кезде қорғаушы алуға; анықтаушы, тергеушінің әрекетіне шағымдануға; дәлелдеме, жауап беру; белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға шағым жазуға; өз киімімен, аяқ киімімен жүруге; ұсталған адамдар Уақытша ұстау изоляторының ішкі тәртібін сақтауға.

Ұстау себебі жөнінде _____ келесіні (тегі, аты жөні)

түсіндірді _____

Хаттамамен таныстым, құқығым түсіндірілді, түсініктеменің жазылғаны дұрыс.

Анықтаушы _____

Тергеуші _____

Жедел уәкілетті _____

Сезікті _____ қорғаушы _____

(тегі, аты жөні) (аты жөні немесе адвокаттар алқасының тағайындауымен)

сәттен бастап _____ (сезіктінің қолы)

маған 200 ___ жылғы " ___ " _____ " ___ " сағат " ___ "

минутта хабарланды.

_____ (хабар алған заң кеңесінің атауы немесе қоғамдық ұйымның атауы)

200 ___ жылғы " ___ " _____ қорғаушы ретінде қатысу үшін

" ___ " сағат " ___ " минутта _____ келді.

(қорғаушының аты жөні)

_____ ұстау туралы хабар 200 ___ жылғы

" ___ " _____ прокурорға жіберілді.

_____ ұсталғаны туралы таныстырылды.

_____ ескере отырып

ұсталғанның отбасы хабардар етілген жоқ.

Анықтаушы _____

Тергеуші _____

Қылмыс жасауға сезіктілігі бойынша ұстау туралы N ___

хаттамаға түбіртек

200 ___ жыл " ___ " _____ " ___ " сағат " ___ " минут

(хаттаманы жасаған уақыты, күні)

(хаттама толтырылған елді мекен, орны)

(хаттаманы толтырушы адамның тегі және атағы, лауазымы)

200__ жыл " __ " _____ " __ " сағат " __ " минут

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің _____

бабына сәйкес _____

(тегі, аты-жөні, туған жылы және күні, орны, жұмыс орны, лауазымы)

қылмыс жасағаны үшін ұсталды.

Оны тергеушіге жеткізу уақыты (анықтау жүргізуші адамға) немесе

нақты ұсталуы _____

Ұсталушының жасаған қылмысының сезіктілігі бойынша қылмыс түрі

(тегі, аты, әкесінің аты, тұжырымдау, Қазақстан Республикасының

Қылмыстық кодексі)

Ұстаудың негіздері мен дәлелдері _____

_____ ұсталушы туралы

(тегі, аты, әкесінің аты)

хабарлар _____ 200__ жылғы " __ " сағат " __ " минутта,

_____ кіріс нөмірімен прокурорға жіберілді.

_____ ұстау туралы

(тегі, аты, әкесінің аты)

ол _____

(туыстық қатынасын, тегін, атын, әкесінің атын көрсету керек)

_____ хабарланды.

(жазбаша немесе ауызша, күні, кіріс нөмірі)

Ұсталушының отбасы хабардар етілді _____

(себебін көрсету)

Ұсталушы қамауға алынды _____

(күні мен уақыты)

Тергеуші _____ Анықтаушы _____

Ұсталушы босатылды _____

(босатылған күні, уақыты, кім босатты)

4. Босату негіздері (керегінің астын сызыңыз):

1) жасалған қылмысқа сезіктілігі расталған жоқ;

2) қамауда ұстау түрінде жолын кесу шаралары қажеттілігі болмағанда;

3) белгіленген заңмен ұстау мерзімі өтті. _____

(босатылатын адамның қолы)

5. Қылмыс жасауға сезіктілігі бойынша ұстау туралы N ____ хаттамаға түбіртек 2 данада жасалады: біріншісі-ұсталушы босатылған жағдайда оның қылмыстық ісіне қосылады, ал қамауда ұстау түрінде жолын кесу шаралары таңдалған кезде-қамауда ұсталушының жеке ісіне; екіншісі - уақытша ұстау изоляторының кезекшісінде сақталады.

Ішкі істер органдары уақытша ұстау
изоляцияларының ішкі тәртіп
ережелеріне 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Уақытша ұстау изоляторларында ұсталынатын сезіктілер
мен айыпталушыларды есепке алу журналы

N !Аты-№!Туған! Қылмыс !Сезіктіні!Қамауға!Сезікті,!Кетуінің!Қамау.
р/р!жөні,!жері ! жасауға ! ұстаған ! алуға !айыпта. !негізі: !дағыны
!туған! !сезіктіні!лауазымды!қабыл. !лушы, !босаты. !Уақыт.
!жылы,! ! ұстауға ! адам, !даған !соттал. !луы; Уа.!ша ұс.
!аза. ! ! негіз ! Уақытша !адамның!ған кім.!қытша !тау
!мат. ! ! болатын ! ұстау !Уақытша!ге бекі.!ұстау !изоля.
!тығы ! !Қазақстан!изоляция. !ұстау !тілген !изоляция.!торы.
! ! !Республи.! рына !изоляция. ! !рында !нан
! ! !касы қыл.! қамау !торының! !қамауда.!босату
! ! !мыстық іс!негіздері!кезек. ! !ғыға Қа.!шы
! ! !жүргізу ! !шісінің! !зақстан !(сонда
! ! !кодексі. ! !(Ішкі ! !Респуб. !жібер.
! ! !нің бабы ! !істер ! !ликасы. !ген)
! ! ! ! !органы.! !ның !лауа.
! ! ! ! !ның ке.! !Қылмыс. !зымды
! ! ! ! !зекші. ! !тық іс !адам.
! ! ! ! !сінің) ! !жүргізу !ның,
! ! ! ! !тегі, ! !кодексі.!тегі,
! ! ! ! !аты- ! !нің 136-!аты,
! ! ! ! !жөні, ! !бабының !әкесі.
! ! ! ! !атағы ! !б.,2б.,!нің
! ! ! ! !(датасы, !142, 150!аты,
! ! ! ! !уақыты,! !-баптар.!атағы
! ! ! ! !қолы) ! !ының не.!(дата.
! ! ! ! ! !гізінде !сы,
! ! ! ! ! !Тергеу !уақыты

!!!!!! !изоляция.!қолы)
!!!!!! !рына ау!
!!!!!! !ыстырылуы
!!!!!! !(датасы,
!!!!!! !босату, !
!!!!!! !тосқауыл!
!!!!!! !қою ша. !
!!!!!! !расын !
!!!!!! !өзгертуші
!!!!!! !лаузымды!
!!!!!! ! адам) !

! 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Ішкі істер органдары уақытша ұстау
изоляцияларының ішкі тәртіп
ережелеріне 3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Сезіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығаруды тіркеу
ЖУРНАЛЫ

№N ! Сезіктілердің, !Шығарудың! Камерадан !Тергеу !Шығарушы!Сезік.
!айыпталушылардың! мақсаты ! шығару !әрекет. ! !тілерді
! тегі, аты, ! !негіздемесі!терінің,! !айыптау
! әкесінің аты ! ! !кездесу ! !шылар.
! ! !бойынша ! !ды каме
! ! !сұраудың! !раға
! ! !ұзақтығы! !орналас
! ! !мен күні! !тыру
! ! ! !туралы
! ! ! !шығару.
! ! ! !шының
! ! ! !қолхаты

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 4-қосымша
Қазақстан Республикасы

Сезіктілерді, айыпталушыларды жауап алуға, жедел тергеу әрекеттерін жүргізу үшін және кездесуге арналған

N _____ шығару талаптары

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің
132-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу
кодексінің 142 , 1 50-бабына сәйкес айыпталушыны) Сізден ұсталушы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс
жүргізу кодексінің қай бабымен айыпталады, күні және беру уақыты)
беруіңізді сұраймын. Жауап алу, жедел тергеу әрекеттерін, кездесу
жүргізу үшін _____

_____ (жауап алу, тергеу әрекеттерін, кездесу жүргізу орны, сезіктілерді,

_____ айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторына нақты уақытта жеткізу)
Кездесуге шақырушы адам (тегі, аты-жөні, лауазымы, куәлігінің N _____

_____ Сіздің өкіміңізбен айдауыл тағайындалды, құрамында:

1. _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

2. _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

Айдауылға нұсқама жүргізуші _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

Айдауылды арнайы автомобильмен: _____

_____ (маркасы, мемлекеттік нөмірі)

қол кісендермен _____ (саны), табельдік қарулармен _____ (саны)

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні және сезіктілер мен айыпталушыларға
_____ қамтамасыз етеді.

_____ жауап беруші қызметкердің қолы)

Жауап алу, жедел-тергеу әрекеттері мен кездесудің уақыттары

туралы мәлімет

200 жылғы " _____ " _____ сағат _____ минутта басталды.

_____ сағат _____ минутта аяқталды.

Жауап алуды, жедел-тергеу әрекеттерін жүргізуші адамның немесе

қорғаушының қолы _____

Сезіктілерді (айыпталушыларды) камераға орналастырушы кезекшінің

ҚОЛЫ _____

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Айыпталушы мен сезіктіні жеке тінту және киімдерін тексеру

ХАТТАМАСЫ

(хаттаманы толтырған адамның лауазымы, атағы, аты-жөні)

200 жылғы " ____ " _____ " ____ " сағат " ____ " минут

(Уақытша ұстау изоляторының атауы)

үй-жайында _____

(қылмыс жасауға сезікті деп ұсталған адамның тегі)

жеке тінту жасады, сондай-ақ оның заттарын тексерді: _____

(құралдарын, киімдерін, аяқ киімін атап көрсету қажет)

НӘТИЖЕЛЕРІ

Тінту және тексеру барысында табылған және алынған заттар:

(тінту кезінде алынған заттардың, құжаттардың және қымбат бағалы
заттардың жеке белгілерімен тізбесі көрсетіледі, қажет болса орны
және оларды табудың өзге жағдайлары көрсетіледі)

Тінту және тінту барысында жасалған ескертулер мен өтініштер

(тінтілген адамның)

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды _____

(айыпталушының, сезіктінің қолы)

Тінту және тексеру жүргізген және хаттама жазған адамдар _____

Тінту және тексеруде алынған заттар, құжаттар, құнды заттар

(не зат екені көрсетілсін)

(қылмыстық іске тігілді, сезіктінің, айыпталушының өтініші бойынша жойылды, күзет арқылы туыстарына берілді, сақтауға тапсырылды, қайда тапсырылды, түбіртектің N көрсетіледі)

(хаттаманы толтырған адамның қолы)

Ақшалар мен құнды заттарды сақтауға қабылдап алу түбіртегінің көшірмесін алдым _____

(айыпталушы мен сезіктінің қолы)

Тінту мен тексеруде алынған ақшаны, заттарды, құжаттар, құндылықтарды қабылдап алдым _____

(не зат екені көрсетілсін)

(айыпталушы мен сезіктінің қолы)

200__ жылғы " ____ " _____

Хаттама 3 данада толтырылады: 1-сі қылмыстық іске, (ұстау туралы материалдарға қосылады), 2-сі айыпталушының жеке ісіне, 3-сі алынған заттармен құралдармен, құжаттармен бірге сақталады.

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

"Бекітемін"

(органның атауы)

(атағы, тегі, қолы)

бастығы

200 жыл " ____ " _____

Материалдық залалдың орнын толтыру туралы

N ____ ҚАУЛЫ

200__ жыл " ____ " _____

(елді мекен)

(қаулы шығарған адамның тегі, атағы, лауазымы)

азамат _____ уақытша ұстау изоляторының

(аты-жөні, тегі, туған жылы)

материалдық мүлкіне залал келтіру туралы қызметтік тергеу

материалдарын қарап,

БЕЛГІЛЕДІ: _____

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 40-бабына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

_____ алынсын

Қаулы маған хабарланды _____

(қолы)

200 жыл " ____ " _____

(қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Айыпталушы немесе сезіктілерден ақшалай қаражаты арқылы
материалдық залалдың орнын толтыру

ХАТТАМАСЫ

Уақытша ұстау изоляторы бастығы _____

(Ішкі істер органының атауы)

200 жыл " ____ " _____ 200 жылғы " ____ " сағат " ____ " минутта

(атағы, тегі, аты-жөні)

200 жылғы " ____ " _____ қаулысының негізінде азамат

(айыпталушы немесе сезіктінің аты-жөні, тегі)

жеке есеп шотынан _____

(сома жазумен көрсетіледі)

_____ теңге _____ тиын алынды.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

(қолы)

Ішкі істер органы (уақытша ұстау изоляторы) бойынша кезекші _____

(қолы)

Айыпталушы (сезікті) _____

(қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Халық сотына _____

Арызданушы _____

(Ішкі істер органының тұрған жері,
өкілдің атауы және мекен жайы)

Жауапкер _____

(тегі, аты, әкесінің аты,
оның мекен жайы)

Материалдық залалдың орнын толтыру туралы

ТАЛАП ЕТУ АРЫЗЫ

200 жыл " ____ " _____ азамат (ша) _____ уақытша

(тегі, аты-жөні)

ұстау изоляторында болған кезде _____ қаласы _____ көшеде,
_____ үйде орналасқан _____

(ішкі істер органының атауы)

уақытша ұстау изоляторына материалдық залал келтірген

_____ (істің мән-жайы)

Осы әрекеттерімен уақытша ұстау изоляторының мүлкіне

_____ теңге _____ тиын материалдық

(ішкі істер органының атауы)

залал келтірілді.

_____ (материалдық залал және оны растаушы айғақта)

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің _____ бабына

сәйкес _____

(ішкі істер органының атауы)
азаматтық талап етуші ретінде танылсын.

_____ жауапкерден, материалдық залал
(тегі, аты-жөні)

_____ теңге _____ тиын _____ мүддесіне
(ішкі істер органының атауы)
алынсын.

Осы талапты орындау жөнінде шаралар қолданылсын.

_____ (қолы)

Қосымша:

1. Талап ету арыздарының көшірмесі _____

2. _____

(материалдық залалдың мөлшері және бар екені туралы жазбаша және өзге де айғақтар)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 9-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Жеке есеп шотта N _____ камера

N _____ түбіртек

_____ теңге _____ тиын

_____ (сезіктің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер _____

200__ жыл " ____ " _____

ӨТІНІШ

Мына азық-түліктерді және алғашқы қажеттілік заттарын алуыңызды
сұраймын:

№N !Азық-түліктердің немесе!Қанша алу қажет!Саны, салмағы!Жіберілді,
! заттардың атаулары ! ! !құны, тең.
! ! ! !ге, тиын

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

----- Барлығы: _____

_____ Айыпталушы мен сезікті өтініште тек қана сатып алғысы келетін әрбір

азық-түліктің немесе заттардың атауын көрсетеді.

Сезіктің, айыпталушының қолы _____

Алғандығы жөніндегі қолхат

Алғашқы қажеттілік азық-түліктер мен заттарды мына сомаға

(жазбаша)

алдым. Осы соманы менің жеке есебімнен шығаруыңызды сұраймын.

(сезіктің, айыпталушының қолы)

200 ____ жыл " ____ " _____

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 10-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

ӨТІНІШ

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

(нақты мекен жайы)

(Уақытша ұстау изоляторында ұсталушыға қандай қатысы бар)

(аты-жөні, тегі)

сәлемдеме алуыңызды өтінемін

N ! Азық-түліктің ! Салмағы ! Саны ! Ескерту

! атауы !-----! !

!! килограмм ! Грамм ! !

Өтініш иесі _____

200 ____ жылғы " ____ " _____

Сәлемдемеге рұқсат берді _____

(аты-жөні, тегі, лауазымы)

Сәлемдемені қабылдады _____

(сәлемдемені қабылдаған қызметкердің қолы)

Сәлемдемені алды _____

(сәлемдемені алған адамның аты-жөні, тегі)

___ жылғы " ___ " _____

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Ішкі істер органдарының

мөртаңбасы

N ___ ЕСЕП ШОТЫ

(тегі, аты, әкесінің аты)

Туған жылы _____ жеке іс N№ _____

Органның қаржы бөлімінің

бастығы (жетекшісі) _____

(қолы)

Кіріс және ! Айыпталушының, ! Шығын ! Қалдық ! Қалдықты растау
қаржыландыру! сезіктінің !!! жөніндегі
көзі ! ақшасының !!! қолхат
! шығындалу !!!
! лимиті !!!

(жеке қолы)

Айыпталушының, сезіктінің

қолын, жеке басын куәландырамын

Уақытша ұстау изоляторларының бастығы

(ішкі істер бөлімі бойынша кезекші)

(қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Уақытша ұстау изоляторына түскен айыпталушы мен сезіктілерге

алғашқы сұрау және медициналық көмек көрсетуін тіркеу

ЖУРНАЛЫ

N!Тегі, !Жасы!Түскен!Шағым!Түскен! Қолданған іс шаралар

!аты, !! күні ! !кезде !-----

!әкесінің! !! анық. !Медицина!Көрсө !Госпита!Уақытша

!аты !!! !талды !қызмет. !тілген!лизация!ұстау

!!!! !керін !медици!лау, !изоляция.

!!!! !шақыру !налық !емдеу !торының

!!!! !және !көмек.!мекеме.!жасағы.

!!!! !оның !тің !нің !на

!!!! !келу !сипаты!атауы !ұсыным

!!!! !уақыты !!!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10

таблицаның жалғасы:

Уақытша ұстау ! Ескертулер

изоляторы бойынша!

кезекшінің қолы !

11 ! 12

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Медициналық тексерістің N ____ картасы

(ішкі істер органының атауы)

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Жынысы _____ Туған жылы _____ Мекен жайы _____

Түскен кездегі шағымдары _____

Нақты тексерістің мәліметтері: бойы _____ салмағы _____ артериялық
қысымы _____

Денесін тексеру мәліметтері (тері қабаттарын, тыртық, егу іздері,

денедегі әр түрлі жазулар т.с.с.) _____
Органдары мен жүйесі бойынша тексерістің мәліметтері (сүйек-бұлшық
ет аппараты, жүрек, өкпе, асқазан ішек жүйесі, зәр шығару жүйесі)

Психоневрологиялық мәртебе _____

Жіберген күні:

1. Рентген-флюорографиялық тексеріске _____

қорытындысы _____

2. ВИЧ-инфекцияға _____, қорытындысы _____

3. Мерезге _____, қорытындысы _____

Басқа лабораториялық тексеріске _____

Тергеу изоляторына ауыстыру кездегі тексерістің қорытынды
мәліметтері

мен күні _____

(медициналық картаны толтырған медицина қызметкерінің аты-жөні,
тегі, қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 14-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Уақытша ұстау изоляторы бастығына

_____ (ішкі істер органының атауы)

_____ есепте тұрған

_____ (анықтаушы, тергеушінің т.б. мәліметтері)

_____ (айыпталушы немесе сезіктінің аты жөні)

_____ (аты жөні, тегі, туған жылы, тұратын мекен жайы, қызметі)

кездесуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

200 жылғы " _____ " _____

_____ (рұқсат берген адамның қолы)

Кездесу өткізу туралы белгі (Уақытша ұстау изоляторының әкімшілігі
толтырады)

Кездесу _____
(айыпталушы немесе сезіктінің тегі)

_____ (аты жөні, тегі, туған жылы, тұратын мекен жайы, қызметі)

200 жылғы " _____ " _____ " _____ " сағат " _____ "

минуттан " _____ " сағ. " _____ " минутқа дейін _____

(қандай құжат ұсынылды,

_____ N, сериясы, берілген датасы және орны)

Бастық (кезекші) _____

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 15-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Уақытша ұстау изоляторындағы айыпталушы мен сезіктіні карцерге (жалғыз отыратын камераға отырғызу) туралы

ҚАУЛЫ

Айыпталушы сезікті _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ ("Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39 бабына сәйкес карцерге қамаудың жағдайы айтылады)

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Айыпталушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ тәулікке карцерге
қамалсын.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

(атағы, тегі, қолы)

200__ жылғы " _____ " _____

Қаулы маған хабарланды

_____ (айыпталушы мен сезіктінің қолы)

Қаулыны хабарлаған

(атағы, тегі, қолы)

Тінту жүргізілді _____

(тінту жүргізген адамның қолы)

Карцерге қамалған 200 жылғы "___" "_____" "___" сағат "___" минутта.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы (кезекшісі) _____

(атағы, тегі, қолы)

200 ___ жылғы "___" "_____" "___" сағат "___" минутта карцерден

босатылды.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы (кезекшісі) _____

(атағы, тегі, қолы)

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 16-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Карцерге, бір кісілік камераларға

қамалған адамдарды есепке алу

КІТАБЫ

200 жылғы "___" "_____" Басталды

200 жылғы "___" "_____" Аяқталды

ішкі беті

N ! Тегі, аты, !Туған жылы! Жаза беруге!Қандай режимді!Жазасының

!әкесінің аты! !негіз болған! бұзды !түрі және

! ! ! қаулының ! ! қандай

! ! ! датасы ! !мерзімге

! ! ! ! !карцерге

! ! ! ! !отырғызылды

! ! ! ! ! (жалғыз

! ! ! ! ! отырғызу

! ! ! ! !камерасына)

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

таблицаның жалғасы:

Карцерге ! Өтеу мерзімі ! Жазасын өтеуді !Босатуды жүзеге

қамалған уақыты ! ! нақты тоқтатқан !асырған кезек.

! ! уақыты !шінің қолы,

-----!-----!-----!датасы
датасы ! уақыты,! датасы !Уақыты,! датасы ! уақыты,
! сағаты,! !сағаты,! ! сағаты,
! минуты ! !минут. ! ! минуты !
!! !тары !!!

7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12 ! 13

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Уақытша ұстау изоляторынан босату туралы

ҚАУЛЫ

Елді мекен атауы _____ 200 жыл " ____ " ____ " сағат" ____ " минут

Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

_____ уақытша

ұстау

(ішкі істер органының атауы, аты-жөні, атағы)

изоляциясында қамауда ұстау жөніндегі материалдарды қарап _____

(уақытша ұстау

_____ изоляциясындағы айыпталушының, сезіктінің аты-жөні, тегі)

Белгіледі:

_____ (уақытша ұстау изоляторында ұсталушының аты-жөні, тегі)

уақытша ұстау изоляторында ұсталушы _____

_____ негізінде ұсталады.

(құжаттың атауы)

Ұстау мерзімі _____ өтті.

(тегі) (күні, уақыты)

Ұстау мерзімінің өтуіне байланысты _____

_____ (ішкі істер органының анықтаушысына, тергеушісіне)

_____ нөмірі _____ хабарлама жіберілді.

(күні)

Бірақ айыпкер _____, босату қамауда ұстау мерзімінің ұзартылуы жөнінде қаулы келген жоқ.

Айтылғанды ескере отыра және "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес

Қаулы етеді:

Уақытша ұстау изоляторынан _____
(ішкі істер органдарының атауы)

_____ (сезіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты)

босатылсын.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

Ішкі істер органдары уақытша
ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 18-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Ішкі істер органдарының
мөртаңбасы

_____ (кімге)

ХАБАРЛАМА

_____ уақытша

(ішкі істер органының атауы)

ұстау изоляторындағы айыпталушы _____

(айыпталушы мен сезіктінің аты, тегі, әкесінің аты)

_____ негізінде

(құжаттың атауы)

оны ұстау мерзімі 200 жылғы "___" _____ "___" сағ. "___" мин. өтеді.

Егер көрсетілген уақытта босату туралы қаулы немесе қамауда ұстаудың мерзімі ұзартылмаса "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес оны уақытша ұстау изоляторының бастығы босатуы тиіс.

Хабарламаның көшірмесі прокурорға жіберіледі.

Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

ұстау изоляторларының ішкі
тәртіп ережелеріне 19-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 01 маусымдағы
N 385 бұйрығымен бекітілген

Ішкі істер органдарының
мөртаңбасы
АНЫҚТАМА

_____ (аты-жөні, тегі)
" _____ " _____ 200 жылдан " _____ " _____ 200 жылға дейін
_____ уақытша ұстау изоляторында қамауда ұсталды.
Босату негіздемесі _____

_____ Уақытша ұстау изоляторының бастығы _____

_____ 200 жыл " _____ " _____